



1 МАУСЫМ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ!



БАЛАЛЫҚ ШАҚТЫҢ ШАТТЫҒЫ

Талдықорған қаласындағы жағажайда 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Балалық шақ – бақыт мекені» атты ауқымды салтанатты іс-шара өтті. Балалардың шат күлкісі мен қуанышы сан берген мерекеге мыңдаған қала тұрғыны, ата-аналар мен бүлдіршіндер қатысты.

Медет ЖҰМАБАЙ

Саябақ алқабы ерекше безендіріліп, келушілерге сан түрлі қызықты локация ұсынылды. Жағажай аумағында тақырыптық фотозоналар мен сауда жәрмеңкелері ұйымдастырылса, саябақтағы арнайы алаңдарда робототехника, авиа және кеме модельдеу көрмелері қойылып, жас өнертапқыштардың туындылары

көпшілік назарына ұсынылды. «Заң және Тәртіп» алаңы, спорттық ойындар, велосипед жарысы, суретшілер пленэрі, асфальтқа сурет салу байқауы, ертегілер әлемі мен қуыршақ театры балалардың қызушылығын арттырған ерекше орындарға айналды.

Салтанатты шараға жиналған қауымды қала әкімі Ернат Бәзіл құттықтап, балалардың жарқын болашағы үшін мемлекет тарапынан

жасалып жатқан қолдаулар мен мүмкіндіктерге тоқталды. Сондай-ақ, «AMANAT» партиясының облыстық филиалының төрағасы Арыстанғали Арын да бүлдіршіндерге ізгі тілегін арнап, олардың амандығы мен бақытты балалық шағы әрқашан қоғам назарында екенін атап өтті.

Мерекелік бағдарламаның жалғасы ретінде Талдықорған қаласы Оқушылар сарайының тәрбиеленушілері концерттік қойылымдарын ұсынды. Концерт «Қымыз мұрындық» биімен ашылып, көрермендерді ұлттық өнердің әсем өрнегімен қарсы алды.

Сахна төрінде балалар шығармашылығының сан қыры көрініс тапты. «Балалық шақ», «Самалтау», «Тек алға!», «Қазақстан», «Мен қазақпын», «Бақыт деген...» сынды әндер орындалып, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Ал «Көркем», «Кербез», «Цветы», «Танцевальная мозаика», «Құс базары», «Stars», «Томирис», «Contemporary» және басқа да хореографиялық композициялар мерекенің сәнін кіргізді.

Бұл күн бүлдіршіндерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлап қана қоймай, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, достық пен мейірімділікті дәріптеуге бағытталған тағылымды мерекеге ұласты. Балалардың бақытты балалық шағы мен жарқын келешегі жолындағы мұндай игі бастамалар әрдайым жалғасын таба бермек.

ЖҮЗ БАЛАНЫҢ

ЖҮЗІНДЕГІ ҚУАНЫШЫ

Бала қуанышы – қоғамның келешекке деген сенімінің дәлелі. Сол себепті де Халықаралық балаларды қорғау күні жыл сайын ізгілік пен жанашырлықты дәріптейтін мазмұнды бастамалармен ерекшеленеді. Мереке аясында облыстық С. Сейфуллин атындағы орталық кітапханада «Балалық – бақыт бастауы» атты инклюзивті ойын-сауық кеші ұйымдастырылып, жүзге жуық бала шаттыққа бөленді.

Санжар СҰЛТАНҒАЗЫ



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ

Мазмұнды мерекеге «Бәйтерек» және Көксу аудандық «Үміт» орталығының тәрбиеленушілері қатысты. Кітапхана ұжымы бүлдіршіндерге арнайы әзірленген «Кітаппен өскен бақытты бала» атты көрмені таныстырып, балалар әдебиетінің бай мұрасы мен ертегілер әлеміне саяхат жасатты.

Кеш барысында аниматорлар шоуы, танымдық ойындар, флешмобтар мен түрлі көңіл көтеру бағдарлама ұсынылды. Әсіресе балалардың белсенді қатысуымен өткен ойындар олардың мерекелік көңіл-күйін еселеп, ерекше әсер сыйлады.

Мерекелік жиында сөз алған «AMANAT» партиясы Жетісу облыстық филиалы төрағасының орынбасары Асхат Досмұхамбетов пен кітапхана директоры Самал Шаяхметова балаларды мерекемен құттықтап, олардың алаңсыз балалық шағы мемлекет пен қоғам назарындағы маңызды құндылықтардың бірі екенін атап өтті.

Кеш өнерпаз оқушылардың концерттік нөмірлерімен жалғасты. Талдықорған қаласы мен Жетісу аймағындағы білім ордаларының дарынды шәкірттері сахна төрінде ән шырқап, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Жас орындаушылардың өнері кештің ажарын ашып, жиналған қауымға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Шараға қолдау білдірген демеушілер қатарында «AMANAT» партиясы, «Respublica» партиясының «Re. Women» әйелдер канаты және «Jetisy Jasty» КММ болды. Олардың демеушілігімен жүзге жуық балаға арнайы сыйлықтар мен Алғыс хат табысталды.

Жиынға қатысқан «AMANAT» партиясы Әйелдер канаты төрағасының орынбасары Гүлниса Тұлымшақова балаларды қорғау мәселесі бір күнмен шектелмеуі керектігін атап өтті.

– Бұл – өскелең ұрпақтың амандығы мен жарқын болашағына арналған мереке. Кезік бірнеше ұйым мен азаматтық бастама иелері қолдау көрсетіп отыр. Осындай шаралар жиі ұйымдастырылса, балаларға деген қамқорлықтың нақты көрінісі болар еді. Себебі, елдің ертеңі – осы бүлдіршіндер, – деді ол.

«Балалық – бақыт бастауы» атты кештің басты мұраты – әрбір баланың қуанышты балалық шағын дәріптеу, қоғам назарын бала құқығы мен қауіпсіздігі мәселесіне аудару, мейірім мен достықтың қадірін ұғындыру. Бүлдіршіндердің жүзіндегі шаттық пен шынайы күлкі ұйымдастырылған игі істің нәтижесін айқын аңғартты.



Суреттерді түсірген Қанат МАҚАНҰЛЫ

БАСПАСӨЗ – 2026

«Jetisy» газетінің 2026 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу бағасы:

Қазпошта АҚ арқылы:

Жазылушылар	Индексі	6 айға	
		қала	ауыл
Заңды тұлғалар үшін	15469	8223,12	8223,12
Заңды тұлғалар үшін (мемлекеттік сатып алу портал арқылы)	15469	11510,64	–
Зейнеткерлер үшін	35469	5879,52	5879,52
Жалпы жеке жазылу	65469	6333,12	6333,12



ГАЗЕТКЕ ҚАСЫП ОР АРҚЫЛЫ
ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ

Al Талдықорған қаласы, Жұмахан Балпанов көшесі, 28-үй, 4-қабатта орналасқан «Jetisy» газеті редакциясына келіп, газетті осы мекенжайдан алып тұруды қаласаңыз, редакцияға келіп балама жазылыңыз:

№	Жазылушылар	6 айға
1.	Заңды тұлғалар үшін	5400
2.	Зейнеткерлер үшін	3000
3.	Жалпы жеке жазылу	3700

Баспасөзге жазылуға қатысты сұрақтар бойынша мына нөмірлерге хабарласуыңызға болады:
8 (7282) 40-20-69, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09.

БӘРЕКЕЛДІ!

57 отбасы ҮЙЛІ БОЛДЫ

Ақсу ауданының орталығы I. Жансүгіров ауылында тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға жаңа баспана кілті табысталды.

Гүлжан ТҮРСЫН

Мемлекет басшысының халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмасын іске асыру аясында аудан бойынша жалпы саны 116 тұрғын үй салынды. Оның ішінде 60 пәтер және 56 жеке тұрғын үй бар. Қазіргі таңда олардың 57-сі тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға табысталды.

Салтанатты шараға қатысқан аудан әкімі Берік Тынышбайұлы тұрғындарды құттықтап:

– Баспана – отбасының бақыты мен берекесінің бастауы. Жаңа үйдің кілтін алып отырған әрбір отбасының шаттығы – барша аудан тұрғыны үшін ортақ қуаныш. Мемлекет тарапынан көрсетілген



қолдаудың нәтижесінде тұрғындарды баспанамен қамтамасыз ету жұмыстары алдағы уақытта да жалғасады, – деді.

Тұрғын үй аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімінің төңкеріміне қабылданып, заңнама талаптарына сәйкес рәсімделді.

Жаңа қоныс иесі Гүлмира Оспанова: – Тұрғын үй кезегінде 2017 жылдан бері тұрып. Енді көптен күткен баспанамызды кілтін алып, үлкен қуанышқа кенеліп отырмыз. Бізге осындай мүмкіндік жасап, қолдау көрсет-

кен мемлекетке және осы іске атсалысқан азаматтарға шынайы алғысымызды білдіреміз. Әр отбасы осындай қуанышты күнге жетсін деп тілеймін, – деді.

Жаңа қоныс иелерінің қатарында 6 жетім бала, 11 мүмкіндігі шектеулі азамат, 7 ерекше бала тәрбиелеп отырған отбасы, 25 көпбалалы отбасы, 4 жалғызбасты ана, 1 зейнеткер, 1 Чернобыль ардагері, сондай-ақ, 1 «Алтын алқа» және 1 «Күміс алқа» иегері бар.

ТӘЛІМ



ЖАСТЫҚТЫҢ ОТЫ ЖАЛЫНДАП...

(Соңы. Басы өткен санды)

Облыс әкімі Бейбіт ИСАБАЕВ «Адал азамат» тұжырымдамасы аясында жарты ғасырлық тарихы бар, қазақтың талантты ақыны, қоғам қайраткері Илияс Жансүгіровтің есімін иеленген Жетісу университетінде студенттермен кездесуінде бес тақырыпты ерекше назарға алды.

Айдар ҚАЛИЕВ

ТАРИХЫН БІЛГЕН ЖАҢЫЛМАС

Тарихын білген ел ғана өткеннен сабақ алып, жарқын болашаққа жол тауып, жетістіктерге жетеді. Өткенді ұлықтау, кешегі батыр бабалардың ерліктерін өскелең ұрпаққа дәріптеу – бүгінгі күннің міндеті. Осыны басты назарға алған облыс әкімі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ «Алтын Орда – дала өркениетінің үлгісі: тарих, археология, мәдениет, бірегейлік» атты халықаралық симпозиумда сөйлеген сөзінің мәнін түсіндірді.



Суреттерді түсірген Дмитрий ЕРОФЕЕВ

– Президент өз сөзінде Алтын орданың Еуразия құрылысындағы Ұлы Даланың өркениетті моделі, яғни заңдары, дипломатиясы, жалпы алғанда мемлекеттік басқару жүйесі толықтай қалыптасқан ірі держава тұрғысынан ашып көрсетті. Сол көне мемлекеттік құрылымдардың заңды мұрагері ретінде еліміздің жаңа Конституциясында: «...Біртұтас Қазақстан халқы байырғы қазақ жерінде мемлекеттілікті нығайта отырып, Ұлы Даланың мыңжылдық тарихының сабақтастығын сақтап келе жатыр» деп жазылған. Расында, далалық өркениетте заң мен тәртіп, өз заманындағы жаңашылдық пен озық идеялар, көшпелілерге тән экологиялық жауапкершілік, адамдар арасындағы қарым-қатынас мәдениеті – бәрінің де қалыптасқан берік негізі болды. Ал Жетісу сонау Шу, Талас, Іле алаптарынан қазіргі біздің облыс аумағын тұтас қамтитын кеңістік болған, осы өңірде Қазақ хандығының іргетасы қаланған, – дей келе төл тарихымызды білу – әрбір жастың кастерлі парызы екенін жеткізді.

Расымен, мемлекеттің болашағы өткенімізді білуден, оны жас ұрпақтың бойына сіңіруден қалыптасады. Себебі, ұлт тарихы – отаншылдық рух беретінін ұмытпайық.

ҰЛЫ ОЙШЫЛДАР ҮНДЕСТІГІ

Ұлы ойшылдар Қожа Ахмет Яссауи, әл-Фараби мен Абай Құнанбайұлы әртүрлі дәуірде өмір сүргенімен, айтқан гүбратты сөз-

дерінің арасында үлкен үндестік бар. Ұлы тұлғаларының ой-толғамдары халықтың үлкен мұрасы. Басқосу барысында аймақ басшысы әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындары» трактатынан басталатын «Бақытты қаланың тұрғындары» және «Қоғам мәдениеті» тақырыбында әділдік, білім мен адамгершілік қасиеттер, қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының «Толық адам» ілімін, қарапайымдылыққа, сабырлыққа, қанағатқа және ішкі мәдениетке тәрбиелейтін Қожа Ахмет Яссауи ілімін кеңінен тарқатты.

– Әл-Фараби қайырымды қаланы тек экономикасы дамыған орта ретінде ғана қарастырмаған. Ол рухани мәдениеті жоғары, адам-

үйеуі біріккен кезде ғана кемел тұлға қалыптасады. Ұлы ақын толық адам туралы айтқанда тек білімді болуды меңзеген жоқ. Ол тәртіпті, иманы бар, еңбекқор, адал, елге пайдалы тұлғаны сипаттады, – деген облыс әкімі жастарды еңбекқор болуға шақырды. Сондай-ақ, басқосу адамды қарапайымдылыққа, сабырлыққа, қанағатқа және ішкі мәдениетке тәрбиелейтін Яссауи ілімі жайлы сөз болды.

Көк құрақтай көз қуантып өсіп келе жатқан өскелең ұрпақ білімді, адал, иманды, тәрбиелі болып өссе еліміз қарыштап дамитыны анық. Сондықтан жастар тағалымы мол, мазмұнды өткен кездесуден ерекше әсер алды.

Қазір «айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызған» интернеттің, ұшқан құстай қарыштап дамыған цифрлық технологиялар мен жасанды интеллекттің ғасыры. Жасанды зердені еңбектеген баладан, еңкейген қартқа дейін қолданады. Әсіресе, шешімі қиын есепті шемішкеше шағып, он ойланп жаза алмайтын шығарманы он секундта қыздың жиған жүгіндей етіп дайындап бере қоятын «ChatGPT» оқушылардың көмекшісіне айналды. Осыған байланысты облыс әкімі көз ілеспес жылдамдықпен өзгеріп жатқан кезеңде ақпаратты қабылдау, жақсы-жаман, шын және жалған мәліметті айыра білу, сүзгіден өткізу мәселесін жан-жақты түсіндірді.

– Жастар күніне бірнеше сағат экран алдында өткізеді. Ал контент сапалы, пайдалы болды ма? Сондықтан қазіргі заманда медиа сауат өте маңызды. Кез келген ақпаратқа сене беруге болмайды.

Акерке ҚЫЗЫБАЙ, облыстық студенттік омбудсмен:

– Өткен сенбіліктерінің бірінде облыс әкімі Бейбіт Исабаев біздің ұсынысымызбен «университетке барамын» деп уәде берген еді. Бүгін сол уәдеге сай расында өте қызық кездесу болды. Мен аймақ басшысына «Мықты лидер болу үшін адамға қандай қасиеттер керек?» деген сауал қойдым. Бұл кездесуден жастар үлкен мотивация алды деп ойлаймын.

Меруерт ЖОЛДАСБАЕВА, ЖУ-дың 1-курс студенті:

– Бейбіт Әксікбайұлы өзінің өмірлік тәжірибесімен бөлісті, жаңа заманға сай білімді, парасатты азамат болып қалыптасуға қатысты ақыл-кеңестерін айтты. Маған әсіресе, әлеуметтік желінің пайдасы мен зияны, уақытты бағалау, күнделікті тәртіпке төселу жөнінде айтқан кеңестері өте ұнады. Мұның бәрі де алдағы өмірімде кәдеме жарайтын пайдалы мәліметтер болғанына қуандым.

дары бір-бірін сыйлайтын, ізгілікке ұмтылатын қоғамды сипаттады. «Бақытқа емес, тек байлық пен ләззатқа ұмтылған қоғам – нәдән қоғам» деген ой айтқан. Бұл сөздің мәні қазіргі кезеңде тіпті терең сезіледі. Өйткені технология дамыған сайын адамдардың арасында агрессия, төзбейшілік, немқұрайлық, рухани әлсіреу байқалып жатады. Ал мәдениет – адамның ішкі тәрбиесінің айнасы. Сіздердің сөйлеген сөздеріңіз, күнделікті әрекеттеріңіз, қоғамдық ортадағы қарым-қатынастарыңыз айналаға тәкелей ықпал етеді, – деген Бейбіт Әксікбайұлы жастар еркін ойлайтын, бірақ ұстанымы берік, білімі жан-жақты болу қажет деді. Сонымен қатар, қазақ руханиятында Абай Құнанбайұлы ұсынған «Толық адам» ілімінің орны ерекше екенін айтты.

– Абай түсінігіндегі: ақыл – дұрыс ойлау, қайрат – әрекет ету, жүрек – адамгершілік пен мейірім.

Әсіресе, жастар: «Бұл ақпарат шын ба?», «Ол кімге пайдалы?» деген сұрақтарды қоя білуі керек. Әлеуметтік желі жылдам қабылдауға, кітап терең ойлауға үйретеді. Технологияны пайдалану қажет, бірақ кітаптан да алыстамау керек, – деді аймақ басшысы.

Иә, кітап – білімнің қайнар көзі. Ұлттың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовтің: «Кітап – аяулы досы бола бастаған шақтан былай ғана әрбір жан өзін интеллигент бола бастаудың деп санауына болады», – деген тәмсілі білімсіз адамның күні қараң екенін ұғындырады. ЖИ тіл үйренуге, ғылымға терең бойлауға, өзінді қосымша дамытуға арналған құрал. Нейрожелі берген ақпаратын иманды сеніп, көшіріп баса беретін данышпан емес екенін ұққанымыз абзал.

Еркін форматта өткен жиын соңында білімгерлер облыс әкіміне көкейінде жүрген сауалдарын қойып, тұшымды жауап алды.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Ізгілікке БАСТАЙТЫН ҚАДАМ

«Алакөл Желтоқсан ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігі 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне қатысқан азаматтардың ерлігі мен елдік ұстанымын ұлықтап, тарихи жақты жаңғырту бағытында жұмыс істеп келеді. Бірлестік қайырымдылық шараларын тұрақты өткізіп тұрады.

Қажет АНДАС



Биыл Көксу ауданы Мұқаншы ауылдық округінің орталығы Көксу ауылында тұратын Ербол Әбілмажиновтің отбасына қайырымдылық көмек көрсетті. Бұл шаңырақта тоғыз бала өсіп келеді. Жақында ғана балалардың анасы өмірден өтіп, отбасының барлық жауапкершілігі жалғыз асыраушы – отағасының мойнына түскен. Сонымен бірге бұл үйде 90 жасқа келген, көру қабілетінен айырылған қарт әже де тұрады.

Бірлестік төрайымы Ләззат Мақатқызы бұл шараның мәні терең екенін атап өтті.

– Бұл отбасының жағдайын естіген соң қарап отыра алмадық. Қайырымдылық – тек материалдық көмек емес, қиын сәтте адамның жалғыз емес екенін сезіндіру, жанға демеу болу, үміт сыйлау. Бүгінгі игі іске бірлестіктің Жетісу, Алматы, Ақтөбе облыстары мен Алматы қаласындағы өкілдері атсалысты. Алдағы уақытта да мұндай қайырымдылық шаралары жалғасын табады, – дейді Ләззат Мақатқызы.

Отбасының үлкен ұлы Әрсен Әбілмажинов көрсетілген көмекке ризашылығын білдірді. Оның айтуынша, бауырлары колледжде, мектепте оқиды, балабақшаға баратындары да бар.

– Біз анамыздың аманатына адал болып, бауырларымыздың бір-бірінен ажырамай, жақсы азамат болып өсуін қалаймыз. Ауыл әкімдігі тарапынан да қолдау көрсетіліп тұрады. Мектептегі бауырларым жазғы лагерге тегін барады, ыстық тамақпен қамтылған. Оқу жылы басталғанда киім-кешек, оқу құралдары жағатын көмек беріледі. Бүгін арнайы келіп, жағдайымызды сұрап, көмек көрсеткен «желтоқсаншы» ағай-апайларға отбасымыздың атынан алғыс айтамын, – дейді Әрсен Әбілмажинов.

Бұл отбасы бүгінде Көксу ауылындағы жалдамалы үйде тұрып жатыр. Ай сайын 7 мың теңге көлемінде жалдау ақысын төлейді. Алайда тоғыз баланың «бір күні осы үйден айырылып қаламыз ба?» деген алаңдаушылығы да жоқ емес. Осы мәселеге қағысты заңгер Лязат Жапашева баспананы жекеменшікке беру мүмкіндігін заң аясында қарастыруға болатынын айтты.

– Бұл үй Кеңес одағы кезінде салынған ескі баспана. Сондықтан отбасының әлеуметтік жағдайын, балалардың мүддесін және үйдің нақты жай-күйін ескере отырып, мәселені жеке тәртіппен қарастыруға негіз бар. Аудандық қоғамдық кеңес мүшелері, мәслихат депутаттары, балалар құқығын қорғайтын ұйым өкілдері және жауапты мекемелер ортақ қорытындыға келсе, аудан әкімдігінің қаулысы арқылы баспананы отбасының меншігіне беру мәселесін заң аясында шешуге болады, – деді заңгер.

Қайырымдылық акциясына Мұқаншы ауылдық округінің әкімі Мұхит Мамыр да қатысып, отбасының жағдайы ауылдық әкімдіктің тұрақты назарында екенін жеткізді. Шара барысында айтылған ұсыныстарды тиісті орындарға жеткізіп, оң шешім табуына ықпал етуге тырысатынын білдірді.

Мұқаншы ауылдық округі,

Көксу ауданы

ҚҰРЫЛЫС

60 пәтерлі

Сарқан қаласында тұрғын үй құрылысы қарқын алды. Қазіргі таңда мұнда 60 пәтерлі 30 тұрғын үйдің құрылысы жүріп жатыр.

Айтүл БАЙБОСЫНОВА

30 үй

Ел игілігіне бағытталған бұл бастаманы осы өңірдің тумасы, жеке инвестор Оразғали Садуақасов қолға алған. Аталған жобаны жүзеге асыруды оның ұлы Арнұр Оразғалиұлы жетекшілік ететін «Сангаз» ЖШС белсенді атқаруда. Әке мен баланың бірлескен еңбегінің нәтижесінде құрылыс жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп, белгіленген мерзімде аяқталады деп жоспарланып отыр. Мамандардың айтуынша, барлық нысан заман талабына сай салынып, тұрғындардың жайлы өмір сүруіне қажетті жағдай қарастырылған. Құрылыс жұмыстарына 30-дан аса адам алынған.

– Үй салынып жатқан жерді сатып алдық. Құрылысқа пайдаланылған заттың бәрі отандық өндіріс. Жаңа баспана қатты отынмен жылытылатын болады. Өйткені, бұл жерде әзірге газ жоқ. Ал су, жарық, кәріз жүйелерінің бәрін өзіміз жасаймыз. Газоблоктан тұрғызылған үйдің сыртын қаптап, есік-терезесін салып, еденін ламинаттап, кафелін жапсырып, бәрін дайын күйде өткіземіз, – дейді Оразғали Тоқтарұлы.

Жаңа баспаналар елді мекеннің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсерін тигізіп, жергілікті халықтың тұрғын үйге деген сұранысын азайтуға мүмкіндік береді. Жұртшылық туған жердің азаматы қолға алған игілікті іске ризашылық білдірді. Өңірдің өркендеуіне үлес қосып жүрген инвестордың бұл бастамасы көпке үлгі боларлық іс екені анық. Құрылыс жұмыстары толық аяқталған соң, жаңа тұрғын үйлер халық игілігіне беріліп, 60 отбасы қоныс тойын тойламақ.

Сарқан қаласы



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ

ӘБИКЕН САРЫБАЕВ – 100

Биыл қазақ сөз өнерінде өзіндік орны қалған белгілі айтыскер ақын Әбікен Сарыбаевтың туғанына 100 жыл. Ел жадында өрелі ойымен, өткір тілімен, халықтық өнерге адалдығымен сақталған ақынның есімі бүгінде туған өңірінің рухани кеңістігінде ерекше құрметпен аталады. Оның өнегелі өмірі мен өнер жолы ұрпаққа сөз қадірін, елдік рухты, ұлттық намысты ұғындыратын тағылымды мектепке айналды. Әбікен Сарыбаевтың есімі аудандық Мәдениет үйіне берілуі де тегін емес. Сол шаңырақта айтылған әрбір ән, қойылған әрбір көрініс, ұйымдастырылған тағылымды шара Әбікендей өнер иелерінің аманатын жалғап тұрғандай әсер береді.



Суретті түсірген Жұмабай МАСАБЕКОВ

Ұлт руханиятын ҰЛЫҚТАҒАН

Қажет АНДАС

Осы кара шаңырақтың жанынан құрылған «Шежіре» өнер, тәлім-тәрбие отауы өткен мен бүгінді жалғап, аналар өнегесін, әжелер даналығын, ұлттық өнер мен салт-дәстүрді кейінгі ұрпаққа жеткізіп келе жатқан тағылым мектебі ретінде қалыптасты. Шығармашылық ортаның тарихы 2015 жылғы наурыздан басталады. Алғашқыда алты әжеден құралған шағын өнер тобы аудандық мәдени шараларға қатысып, ұлттық ән мен салт-дәстүрді насихаттауға кірісті. Осы бастама ауылдық мәдени кеңістікте жаңа серпін тудырды. Әжелер сахнаға ән айту үшін ғана емес, ұлттық болмысты көрсету, қазақы тәрбиені таныту, жастарға үлгі болу мақсатымен шықты. Кейін бастама кеңейіп, «Шежіре» өнер, тәлім-тәрбие отауы ретінде жүйелі бағыт алды. Өнер ордасының қалыптасуында ұйымдастырушы азаматтардың, мәдениет саласы мамандарының еңбегі ерекше. Алғашқы кезеңде әжелер тобының құрылуына Гүлмира Өтегенова ұйытқы болса, үйірме жетекшілігін Сауле Қасымханқызы атқарды. Кейін жұмысты Ләззат Құсайынова жалғастырып, шығармашылық тынысын кеңейтті. Бүгінде Ләззат Құсайынова мәдениет саласындағы тәжірибесімен, ұйымдастырушылық қабілетімен, әрбір мүшенің өнерін ашуға деген ықыласымен «Шежіренің» дамуына бағыт беріп келеді. Ал топ жетекшісі Раушан Нұрғалимова өнерпаздардың ішкі бірлігін сақтап, дайындық жұмыстарының жүйелі жүруіне ұйытқы болып отырған тәжірибелі жан. «Шежіренің» басты ерекшелігі өнер мен тәрбиені қатар өрбітуінде. Мұндағы аналар халық әндерін орындап, ұлттық киім үлгісін таныстырып, колөнер бұйымдарын көрсетіп қана қоймайды. Олар шежіре айту, естелік бөлісу, тағылымдық кездесулер өткізу, жастарға

ұлттық әдеп пен салт-дәстүрдің мәнін түсіндіру жұмысын да тұрақты жүргізеді. Бүгінгі таңда жаандану ықпалы күшейіп, жастардың танымы мен талғамы түрлі бағытқа бұрылып жатқан кезде, ұлттық өнерді тірі орта арқылы көрсету аса қажет. Кітаптан оқылған дәстүр мен сахнада көрінген дәстүрдің әсері екі бөлек. Әжелердің өз қолымен тіккен ұлттық киімі, өз қолымен жасаған бұйымы, өз дауысымен айтқан әні, өз жүрегінен шыққан батасы жас ұрпаққа әлдеқайда терең әсер етеді. Өйткені мұнда жасандылық жоқ, өмір тәжірибесінен туған шынайылық бар. «Шежіре» құрылған күннен бастап аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі мәдени рухани шараларға белсене қатысып, ұлттық өнер мен салт-дәстүрді насихаттауға үлес қосып келеді. 2018 жылы Панфилов ауданы, Қоңыр-өлең ауылында өткен «Ауылым – алтын бесігім» іс-шарасында Алғыс хатпен марапатталды. 2019 жылдан 2022 жылға дейін Талдықорған қаласындағы «Таңжарық» бағдарламасына бірнеше рет қатысып, колөнер бұйымдарын таныстырды. 2021 жылы «Болмыс» бағдарламасының «Қарттарым – асыл қазынам» түсіріліміне қатысып, өнерлі аналардың тағылымды жолын көпшілікке танытты. Өнер ошағы сахналық шаралар мен қатар қайырымдылық жұмыстарға да белсене араласып келеді. 2020 жылдан 2022 жылға дейін Рамазан айында аудандық қайырымдылық қорларына тұрақты көмек көрсетті. 2022 жылы Сарыөзек ауылындағы медреседе қолдау білдіріп, Қантар оқиғасы кезінде блокпосттағы азаматтарды ыстық тамақпен қамтамасыз етті. Мұндай игі

істер өнерпаз аналардың елдік іске бейжай қарамайтын азаматтық болмысын көрсетті. Шығармашылық табыстары да аз емес. 2023 жылы колөнер шебері Ботақоз Рахимова облыстық «Үкілі серуен» ұлттық киім байқауының іріктеу кезеңінде жоғары бағаланды. 2024 жылы өнерпаз аналар КТК телеарнасының «Кел шырайық» бағдарламасына қатысып, бас жүлдені жеңіп алды. Сол жылы «Дара ене, үздік келін» байқауында Гүлнар Қасымова мен келіні бас жүлдеге ие болды. 2025 жылы «Жетісу» телеарнасының «Армысың, өз Наурыз!» бағдарламасына қатысып, ұлттық өнерді кеңінен насихаттады. Сонымен қатар «Дана ене, дара келін» облыстық байқауында арнайы жүлде иеленіп, Қызылжар шайқасының 327 жылдығына арналған «FELT BOOK 2025» кітап жәрмеңкесіне қатысты. 2025 жылы Қарттар күніне орай «Шежіре» үйірмесінің 10 жылдық есеп беру концерті жоғары деңгейде ұйымдастырылып, көрермен ықыласына бөленді. Ал 2026 жылы 18 наурыз – Ұлттық киім күні аясында облыстық көркемөнер галереясында өткен «Ұлттық киім – ұлт құндылығы» көрме фестивалінің мазмұнды өтуіне атсалысты. Аталған өнер ошағының тарихы еңбек ортасының қоғамды тәрбиелеудегі күшін дәлелдейтін өнегелі жол. Оның әрбір мүшесі, концерті, көрмесі, қайырымды ісі өңір мәдениетінің дамуына қосылған сүбелі үлес болып қала бермек.

Сарыөзек кенті, Кербұлақ ауданы

Гүлден НАЙМАНБАЕВА, «Zhansugurov College»-нің «Болашақ» дебат клубының жетекшісі

БІЛІМ

Көшбасшылыққа бастар жол

Қазіргі қоғамда дебаттың маңызы ерекше. Жастардың сыни ойлауын дамытып, қоғамдық белсенділігін арттыратын, шешендік қабілеті мен көшбасшылық қасиетін шыңдайтын тиімді алаңда өтетін пікір сайыс кезінде қатысушылар өз ойын нақты дәлелмен қорғап, қарсы тараптың уәжіне сауатты жауап беруге, түрлі көзқарасты салыстырып, қорытынды жасауға үйренеді.

Осы бағытта І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің «Zhansugurov College» басшылығының бастамасымен құрылған «Болашақ» дебат клубы жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Клубтың негізгі мақсаты – заман талабына сай ойлайтын, адами құндылықты ұстанатын, қоғамдық өмірге белсене араласатын, жауапкершілігі жоғары жастарды тәрбиелеу. «Болашақ» дебат клубы студенттерді пікір сайыс мәдениетіне баулып қана қоймай, колледжішілік турнирлер арқылы үздік ойыншыларды анықтап, оларды қалалық, облыстық және республикалық деңгейдегі жарыстарға қатыстырып келеді. Соның нәтижесінде колледж студенттері түрлі долада жүлделі орындарға ие болып, тәжірибе жинақтауда. Атап айтқанда, 2025 жылғы 22 қазанда «Taldyqorgan jastary» филиалының ұйымдастыруымен «Jetisy jastary» орталығында Республика күніне орай өткен дебат ойынында «Zhansugurov College»-нің 222 Бқ тобының студенттері Көркем Әбіл мен Жазира Тункелхан II орын иеленді. Ал 107 Іқ тобының студенті Әнуар Төкен «Үздік спикер» номинациясымен марапатталды.

Былтыр 12 желтоқсанда І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде облыстық мемлекеттік қызмет істері департаменті мен «Jetisy jastary» КММ ұйымдастырған «Адалдық менен басталады» атты пікір сайысқа Дильназ Наурызбай, Айнел Байғалиден құралған «Бәйтерек» тобы және Нұрайжан Жапкен мен Кәусар Асылбектен құралған «Эрудит» тобы қатысып, жүлделі орындарға қол жеткізді.

Колледж студенттерінің жетістігі биыл да жалғасын тапты. 2026 жылғы 23 қазанда облыстық «Jetisy jastary» орталығы өткізген «Қазақстан Республикасының конституциялық құндылықтары – жастар үшін бағдар» атты дебат турнирінде колледждің құрама командасы жоғары дайындық, құқықтық сауаттылық, нақты аргументация және шешендік қабілет танытып, II орын алып, арнайы диплом және кубокпен марапатталды.

Ал 17 ақпанда І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті мен «Zhansugurov College» ұйымдастырған «Заң мен Тәртіп» атты облыстық пікір сайыс турнирінде колледж құрамасының ойыншылары Кәусар Асылбек және Айнел Байғали жүлделі I орынды жеңіп алды.

Биыл 22 сәуірде «Jetisy jastary» КММ ұйымдастырған «Саналы таңдау – жарқын болашақ» тақырыбындағы облыстық пікір сайыста «Zhansugurov College»-нің «Білімділер» командасы III орын иеленді. Бұл турнир жастар арасында құмар ойындарының зияны туралы түсінікті арттыруға, сыни ойлау қабілетін дамытуға және дұрыс өмірлік таңдау жасауға бағытталды.

Жастар арасындағы пікір сайыс мәдениетін дамыту – білімді, белсенді әрі жауапкершілігі жоғары ұрпақ қалыптастырудың тиімді жолы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Шоғырландырылған құрылыс тау-кен компаниясы» ЖШС «Шоғырландырылған құрылыс тау-кен компаниясы» ЖШС «Бұзылған жерлерді қалпына келтіру» жобасына «Ықтимал әсерлер туралы есеп» жобалық материалдарын қарау бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды. Әсер ету аумағы: Жетісу облысы, Кербұлақ ауданы, Қоғалы ауылдық округі, Жайнақ батыр ауылдық округі, Қаспан ауылдық округі. Жоспарланған қызметтің географиялық координаттары – нүкте №1 – 44°31'20.71"С; 78°24'51.13"В; нүкте №2 – 44°27'36.45"С; 78°24'25.46"В; нүкте №3 – 44°27'23.01"С; 78°24'59.04"В; нүкте №4 – 44°25'55.89"С; 78°23'50.93"В; нүкте №5 – 44°24'31.28"С; 78°25'11.45"В; нүкте №6 – 44°25'8.42"С; 78°26'40.07"В; нүкте №7 – 44°25'57.35"С; 78°26'32.05"В; нүкте №8 – 44°25'59.54"С; 78°24'38.83"В; нүкте №9 – 44°27'1.64"С; 78°25'40.36"В; нүкте №10 – 44°27'20.95"С; 78°29'43.73"В; нүкте №11 – 44°29'54.45"С; 78°31'40.15"В; нүкте №12 – 44°30'31.74"С; 78°38'5.10"В; нүкте №13 – 44°32'21.23"С; 78°38'47.92"В. Қоғамдық тыңдаулар: 1) 2026 жылдың 08 шілдесінде сағат 10.00-де Жетісу облысы, Кербұлақ ауданы, Қоғалы ауылдық округі, Шаған ауылы, Абай Құнанбаев көшесі, 1 (П. Дутов атындағы орта мектеп ғимараты) мекенжайы бойынша өтеді. 2) 2026 жылдың 08 шілдесінде сағат 15.00-де Жетісу облысы, Кербұлақ ауданы, Қоғалы ауылдық округі, Шаған ауылы, Б. Алтынсарин көшесі, 159, (Қоғалы ауылының Мәдениет үйінің ғимараты) мекен-жайы бойынша өтеді. 3) 2026 жылдың 09 шілдесінде сағат 10.00-де Жетісу облысы, Кербұлақ ауданы, Қаспан ауылдық округі, Қаспан ауылы, Б. Алтынсарин көшесі, 25, (Қаспан орта мектебінің ғимараты) мекен-жайы бойынша өтеді. 4) Шаған кентінің тұрғындары үшін қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін көлік ұсынылады. Шаған кентінен коллектив шығу уақыты 2026 жылдың 09 шілдесі сағат 09.00-де.

Zoom платформасында тыңдауға қатысу үшін онлайн қосылуға сілтеме: https://us06web.zoom.us/j/3346648553?pwd=aj94U3lpV29XLTZlZlFhYzQyNjY1NjZlUT09&omn=88114377118. Конференция идентификаторы: 334 664 8553; Кіру коды: 561750. 4) 2026 жылдың 09 шілдесінде сағат 15.00-де Жетісу облысы, Кербұлақ ауданы, Жайнақ батыр ауылдық округі, Қарымсақ ауылы, Киров көшесі, 26 (Қарымсақ орта мектебінің ғимараты) мекенжайы бойынша өтеді. Zoom платформасында тыңдауға қатысу үшін онлайн қосылуға сілтеме: https://us06web.zoom.us/j/3346648553?pwd=aj94U3lpV29XLTZlZlFhYzQyNjY1NjZlUT09&omn=83432974010. Конференция идентификаторы: 334 664 8553; Кіру коды: 561750. Қатысушыларды тіркеу жекебасын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады. Қоғамдық тыңдауларды өткізу мерзімі қатарынан бес жұмыс күнінен аспайды. Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Шоғырландырылған құрылыс тау-кен компаниясы» ЖШС, В49Н5СО, БСН 120640017812, заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 230, 503-көнесе. Нақты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Жетісу облысы, Кербұлақ ауданы, Сарыөзек а. о., Сарыөзек а., Б. Момышұлы көшесі, 14Г ғимарат, e-mail: office@ksgk.kz. телефон: 8 (727) 390-62-61, +7(777) 0318162. Әзірлеуші: «ҒЗО «Биосфера Қазақстан» ЖШС, 100012, БСН 071040007864, Заңды және пошта мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарағанды қ., Терешкова көшесі, 2/12, e-mail: biosfera.krg@gmail.com, 561750@mail.ru, телефон: 8 (7212) 94-05-57, 94-05-58, 94-05-59; +7(777) 487-14-15. Жобалық құжаттама пакетімен https://ndbecology.gov.kz Ақпараттық жүйесінде, сондай-ақ «Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» сайтында «Жарияландылар» бөлімінде (https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural/press/article/details) танысуға болады. Жобалық материалдар бойынша қосымша ақпаратты: Қарағанды қ., Терешкова көшесі, 2/12, e-mail: biosfera.krg@gmail.com, 561750@mail.ru мекен-жайы және 8 (7212) 94-05-57, 94-05-58, 94-05-59; +7(777) 487-14-15 телефон бойынша сұрауға болады. Ескертулер мен ұсыныстар жазбаша немесе электрондық түрде «Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, «Жетісу» облысы, 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, №26, prigoda@zhetisu.gov.kz, 87282329867 мекенжайы бойынша, сондай-ақ, https://ndbecology.gov.kz, Ақпараттық жүйесінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Консолидированная Строительная Горнорудная Компания» сообщая о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по рассмотрению проектных материалов «Отчет о возможных воздействиях» к проекту «Рекультивация нарушенных земель» ТОО «Консолидированная Строительная Горнорудная Компания». Территория воздействия: область Жетісу, Кербұлақский район, Коголинский сельский округ, Жайнақ батырский сельский округ, Каспанский сельский округ. Географические координаты намечаемой деятельности – точка №1 – 44°31'20.71"С; 78°24'51.13"В; точка №2 – 44°27'36.45"С; 78°24'25.46"В; точка №3 – 44°27'23.01"С; 78°24'59.04"В; точка №4 – 44°25'55.89"С; 78°23'50.93"В; точка №5 – 44°24'31.28"С; 78°25'11.45"В; точка №6 – 44°25'8.42"С; 78°26'40.07"В; точка №7 – 44°25'57.35"С; 78°26'32.05"В; точка №8 – 44°25'59.54"С; 78°24'38.83"В; точка №9 – 44°27'1.64"С; 78°25'40.36"В; точка №10 – 44°27'20.95"С; 78°29'43.73"В; точка №11 – 44°29'54.45"С; 78°31'40.15"В; точка №12 – 44°30'31.74"С; 78°38'5.10"В; точка №13 – 44°32'21.23"С; 78°38'47.92"В. Общественные слушания состоятся: 1) 08 июля 2026 года в 10.00 часов, по адресу: область Жетісу, Кербұлақский район, Коголинский сельский округ, село Шаған, ул. Абая Құнанбаева, 1 (здание средней школы имени П. Дутова). Ссылка на онлайн подключение для участия в слушаниях на платформе Zoom: https://us06web.zoom.us/j/3346648553?pwd=aj94U3lpV29XLTZlZlFhYzQyNjY1NjZlUT09&omn=83432974010. Идентификатор конференции: 334 664 8553; Код доступа: 561750. 2) 08 июля 2026 года в 15.00 часов, по адресу: область Жетісу, Кербұлақский район, Коголинский сельский округ, село Коголы, ул. Желтоқсан, 159, (здание Дома Культуры села Коголы). Для жителей посёлков Куренбел и Кокбастау (Коноваловка) будет представлен транспорт для участия в общественных слушаниях. Время отправки транспорта от посёлков 08 июля 2026 года в 14.00. Ссылка на онлайн подключение для участия в слушаниях на платформе Zoom: https://us06web.zoom.us/j/3346648553?pwd=aj94U3lpV29XLTZlZlFhYzQyNjY1NjZlUT09&omn=849114465135. Идентификатор конференции: 334 664 8553; Код доступа: 561750. 3) 09 июля 2026 года в 10.00 часов, по адресу: область Жетісу, Кербұлақский район, сельский округ Қаспан, село Қаспан, ул. Ы. Алтынсарина, 25, (здание Каспанской средней школы). Для жителей посёлка Шаған будет представлен транспорт для участия в общественных слушаниях. Время отправки транспорта от посёлка Шаған 09 июля 2026 года в 09.00. Ссылка на онлайн подключение для участия в слушаниях на платформе Zoom: https://us06web.zoom.us/j/3346648553?pwd=aj94U3lpV29XLTZlZlFhYzQyNjY1NjZlUT09&omn=849114465135. Идентификатор конференции: 334 664 8553; Код доступа: 561750. 4) 09 июля 2026 года в 15.00 часов, по адресу: область

Жетісу, Кербұлақский район, Жайнақ батырский сельский округ, село Қарымсақ, ул. Кирова, 26, (здание Карымсакской средней школы). Ссылка на онлайн подключение для участия в слушаниях на платформе Zoom: https://us06web.zoom.us/j/3346648553?pwd=aj94U3lpV29XLTZlZlFhYzQyNjY1NjZlUT09&omn=88114377118. Идентификатор конференции: 334 664 8553; Код доступа: 561750. 5) 10 июля 2026 года в 10.00 часов, по адресу: область Жетісу, Кербұлақский район, Жайнақ батырский сельский округ, село Жаналық, ул. Шоқан, 112, (здание Жаналыкской средней школы). Ссылка на онлайн подключение для участия в слушаниях на платформе Zoom: https://us06web.zoom.us/j/3346648553?pwd=aj94U3lpV29XLTZlZlFhYzQyNjY1NjZlUT09&omn=83432974010. Идентификатор конференции: 334 664 8553; Код доступа: 561750. Регистрация участников осуществляется при предъявлении документа, удостоверяющего личность. Срок проведения общественных слушаний не превышает пяти последовательных рабочих дней. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Консолидированная Строительная Горнорудная Компания», В49Н5СО, БИН 120640017812, Юридический адрес: Республика Казахстан, город Алматы, Медеуский район, проспект Достык, 230, офис 503. Фактический адрес: Республика Казахстан, область Жетісу, Кербұлақский район, Сарыөзекский с. о., с. Сарыөзек, улица Б. Момышұлы, здание 1 «Г», e-mail: office@ksgk.kz, телефон: 8 (727) 390-62-61, +7(777) 0318162. Раработчик: ТОО «НИИ «Биосфера Казахстан», 100012, БИН 071040007864, Юридический и почтовый адрес: Республика Казахстан, Карагандинская область, г. Караганда, улица Терешкова, 2/12, e-mail: biosfera.krg@gmail.com, 561750@mail.ru, телефон: 8 (7212) 94-05-57, 94-05-58, 94-05-59; +7(777) 487-14-15. С пакетом проектной документации можно ознакомиться в Информационной системе: https://ndbecology.gov.kz, а также сайте «УПР и РП по области «Жетісу» в разделе «Публикации» (https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural/press/article/details). Дополнительную информацию по проектному материалу можно запросить по адресу и номеру телефона: г. Караганда, улица Терешковой, 2/12, e-mail: biosfera.krg@gmail.com, 561750@mail.ru, телефон: 8 (7212) 94-05-57, 94-05-58, 94-05-59; +7(777) 487-14-15. Замечания и предложения принимаются в письменной или электронной форме в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний по адресу: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», область «Жетісу», 040000, г. Талдықорған, ул. Кабанбай Батыра, №26, prigoda@zhetisu.gov.kz, 87282329867, а также в Информационной системе https://ndbecology.gov.kz.



Бекзат өнер – МЕАН

*Таудықорғанда
Тұхымқаралық «BIKEN
FEST» театр фестивалінің
салтанатты жабылу рәсімі
өтті. Дәстүрге айналған бұл мәдени
шара қазақ және кеңес театр өнерінің
көрнекті қайраткері, театр мен кино
актрисасы, Қазақ КСР Мемлекеттік
сыйлығының лауреаты, «Парасат»
және «Құрмет белгісі» ордендерінің
иесі, Қазақстанның халық
әртісі Бикен Римовамен
есіміненатылып.*

Медет ЖҰМАБАЙ

Төртінші жыл қатарынан ұйымдастырылып келе жатқан бұл ауқымды мәдени жоба өңірдің рухани өміріндегі маңызды оқиғалардың бірі десе болады. Мұнда әртүрлі елдің театр ұжымдары арасындағы шығармашылық байланыс нығайтылып, ұлттық театр өнері халықаралық деңгейде насихатталды. Сондай-ақ, қазақ өнерінің көрнекті тұлғасы Бикен Римовамен рухани мұрасы дәріптелді.

Мерекелік кеш аясында «Ұлытау» этнорок тобы мен әнші Мақсат Рахмет, «Қарақат» мектеп студиясының «Жетігеншілер» ансамблі, облыстық Данеш Рақышев атындағы филармониясының «Жетісу» би ансамблі өнер көрсетті.

Бес күн бойы Жетісу жерінде отандық және шетелдік театрлар өз өнерлерін ортаға салды. Атап айтқанда, Грузиядан Илья Чавчавадзе атындағы «Батум» мемлекеттік драма театры, Түркиядан

тәуелсіз «Painted Bird» театр ұжымы, Өзбекстаннан «Қашқадария» облыстық музыкалық драма театры арнайы келіп қатысты.

Фестиваль аясында түркиялық «Painted Bird» театрының өкілдерімен тілдесудің сәті түсті. Әлемге түрік және Батыс Еуропа классикасын жаңашыл көзқараспен сахналауы арқылы танылған бұл ұжым әйелдер құқығы мен гендерлік мәселелерді шығармашылық тұрғыдан көтеріп келеді.

Театр жетекшісі Жале Карабекір:

– «BIKEN FEST» фестиваліне қатысу біз үшін үлкен мәртебе. Өнер жолында өзіндік із қалдырған Бикен Римова сынды тұлғаға арналған фестивальден шақырту алу ерекше қуаныш сыйлады. Ұйымдастыру деңгейі өте жоғары. Түрлі бағыттағы қойылымды тамашаладық. Бізді шақырған ұйымдастырушыларға шынайы ризашылығымызды білдіреміз, – дейді.

Ал театр әртісі Пелин Оруч:

– Қазақстандық көрермендер бізді ерекше ықыласпен қарсы алды. Халықтың жылылығы мен қонақжайлығына тәнті болдық. Болашақта тағы да келуді қалаймыз, – деп әсерімен бөлісті.

Фестиваль барысында еліміздің әр өңірінен келген жетекші театрлар өнер көрсетті. Олардың қатарында Нұрмұхан Жантөрин атындағы Маңғыстау облыс-

тық музыкалық драма театры, Түркістан музыкалық драма театры, Шығыс Қазақстан облыстық драма және оперетта театры, Алматы қалалық мемлекеттік академиялық қуыршақ театры, Астана қаласы әкімдігінің «Жастар» театры көрерменнің ықыласына бөленді.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері, Бикен Римова атындағы академиялық драма театрының ардагер актері Кендебай Темірбайұлы фестивальдің маңызына тоқталып:

– Бұл фестивальдің жыл сайын өткізілуі оның бұрынғы бағдарламын қайталайтынын білдірмейді. Әр жолы жаңа ұжым келеді, мазмұны мен форматы жаңарып отырады. Ең бастысы, мұндай мәдени жобалар мемлекеттерді жақындастырып, халықаралық мәдени байланысты нығайтады. Бұл – әлемнің әр түрлі елінен келген өнер жұлдыздары бас қосатын үлкен рухани мереке. Әсіресе жастардың белсенді қатысуы қуантады. Қазақстан театр өнерінің абызы Асанәлі Әшімовтің бастамасымен дүниеге келген «BIKEN FEST» бүгінде халықаралық театр кеңістігінің маңызды орталықтарының біріне айналдырылып отыр. Осы ретте театр өнеріне жан-жақты қолдау көрсетіп отырған Жетісу облысының басшылығына және мәдениет басқармасына алғысымды білдіремін, – дейді ол.

Фестивальдің басты ерекшелігі, мұнда жеңімпаз анықталып, жүдделі орындар берілмеді. Өнер бәйгесіне қатысқан барлық театр ұжымы 5 күн бойы көрсеткен жоғары кәсіби шеберлігі үшін арнайы дипломмен марапатталды.



Жеміс дақылдары Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығында аса маңызды рөл атқарады. Алайда соңғы жылдары Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес жеміс-жидек алқаптарының көлемі 20%-ға дейін қысқарғаны байқалады.

Бұл төмендеудің бірқатар факторы бар. Олардың ішінде агротехникалық талаптардың сақталмауы негізгі себептердің бірі. Өсімдіктердің өсіп-өну кезеңіне дейін жүргізілетін негізгі күтіп-баптау шараларына ағаштарды кесу, бақтарды санитарлық тазалау және аурулар мен зиянкестерге қарсы өңдеу жұмыстары жатады. Ал өсіп-өну кезеңінде өсімдіктерді қорғау құралдары мен тыңайтқыштарды дұрыс және белгіленген мөлшерде қолдану мөлшерлерінің сақталмауы өсімдіктердің әлсіреуіне, өнімділіктің төмендеуіне және жеміс сапасының нашарлауына әкеледі. Осыған байланысты жеміс дақылдарын өсіп-өну кезеңінде қорғау тек өнімді сақтау мақсатын көздемей, аурулар мен зиянкестердің алдын алуға және өсімдіктердің физиологиялық тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс. Сондықтан өсімдіктерді күтіп-баптаудың ғылыми негізделген жүйесін ендіру, оның ішінде біріктірілген өсімдіктерді қорғау қағидаттарын қолдану ерекше маңызды.

Тиімді қорғау жүйесі әрдайым алдын алу шараларынан басталады. Бұл ретте агротехникалық шаралардың маңызы зор, атап айтқанда, зақымданған бұтақтарды кесу, ауру қоздырғыштарды сақталуы мүмкін жапырақтар мен өсімдік қалдықтарын жинап, жою. Мұндай шаралар бақтағы инфекция қорын айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік береді.

Өсіп-өну кезеңінде фунгицидтерді дұрыс әрі дер кезінде қолдану ағаштардың ұзақмерзімді өнімділігін сақтауға және жеміс беру қабілетін арттыруға ықпал етеді. Тәжірибеде бастапқы кезеңдерде жанаспалы препараттар, ал инфекция қаупі жоғарылаған жағдайда өсімдік тініне еніп, ұзақ әсер ететін жүйелік препараттар қолданылады. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметіне сәйкес пестицидтерді қолдану тек мемлекеттік тіркеуден өтіп, бекітілген тізімге енгізілген препараттар аясында жүзеге асырылады. Осыған сәйкес тәжірибеде мыс құрамды препараттар («Косайд»), жүйелік фунгицидтер («Альбетт», «Фосэтил»), бактериялық ауруларға қарсы препараттар («Фитолавин», «Касумин») кеңінен қолданылады. Аталған препараттар саңырауқұлақ және бактериялар қоздыратын ауруларға қарсы жоғары тиімділігімен ерекшеленеді.

Қазіргі таңда өсімдіктерді қорғау жүйесінде биологиялық әдістердің де маңызы артып келеді. Бұл бағытта өсімдік ауруларымен күресуде пайдалы микроорганизмдер мен биопрепараттарды қолдану химиялық жүктемені төмендетуге және экологиялық қауіпсіздікті арттыруға мүмкіндік береді.

Өсіп-өну кезеңінде агротехникалық және өсімдіктерді қорғау шараларын дұрыс және жүйелі түрде жүргізу – жеміс дақылдарынан жоғары сапалы әрі тұрақты өнімін алудың негізгі шарттарының бірі.

**А. ЖАМАЛБЕКОВА,
Ж. Жиембаев атындағы
Қазақ өсімдік қорғау және карантин ҒЗИ**

Текеліде туризм қанайт жаюуда

Жетісудың жасыл белдеуінде, қарт Қаратаудан бастау алатын Қора, Шажа, Текелі секілді үш бірдей өзеннің тоғысқан тұсында орналасқан шабар аумағында тұрақты түрде жұмыс істейтін 22 туристік нысан бар. Оның ішінде 15 қонақүй, 3 балалар лагері және 4 туристік шағын үй демалушыларға қызмет көрсетеді. Өткен жылы ішкі туризм аясында қалаға келген 19,8 мың туристке 569,9 миллион теңгенің қызметі ұсынылса, биыл бұл көрсеткіш айтарлықтай өседі деп күтілуде. Болжамға сүйенсек, биыл жазғы маусымда Текеліге шамамен 24,7 мың турист келіп, туризм саласының табысы 712 миллион теңгеге жетпек. Бұл – өңір туризмінің тұрақты дамуы мен инвестициялық сенімнің айқын көрінісі.

Туристер қабылдауға дайындық ең алдымен инфрақұрылым сапасымен өлшенеді. Қазіргі уақытта қалаішілік магистральдар мен рекреациялық аймақтарға апаратын жолдар жөнделуде. Әсіресе, туристер жиі баратын Қора шатқалы бағытына ерекше назар аударылған. Кешкі Текелі де енді бұрынғыдан әлдеқайда жарық әрі қауіпсіз болмақ. Саябақ аймақтарында, жағалаулар мен орталық көшелерде ескірген жарықтандыру жүйелерін кезең-кезеңімен ауыстыру жұмыстары жүргізілуде. Бұл кешкі уақыттағы қауіпсіздік деңгейін едәуір арттырады. Коммуналдық қызметтердің күшімен және экологиялық бастамалар аясында қаланы көгалдандыру шаралары қолға алынды.

Текелінің туристік әлеуетіне инвесторлардың қызығушылығы жыл сайын артып келеді. Қалада жаңа буындағы туристік кешендер бой көтеріп, сервистік қызмет көрсету сапасы халықаралық деңгейге жақындауда. Спорттық-туристік кластерді дамыту аясында жеке кәсіпкер Р. Мартыненко 400 миллион теңге көлеміндегі инвестиция құйып, 50-ден астам коттедж салуды қолға алған. Бүгінде оның алғашқы 10 коттеджі іске қосылды

Тау баурайында орналасқан Текелінің тұмса табиғаты адамды баурап алады. Әсем табиғаттың сұлулығын сезініп, ғажайыбын көзбен көруге алыс-жақын шетелден келетін туристер саны да жыл санап артып келеді. Туризмді дамыту әлеуеті жылдан-жылға күшейіп келеді.

сатысында. Бұл кешен болашақта тау туризмі мен отбасылық демалыстың маңызды орталықтарының біріне айналмақ. Сонымен қатар, жыл соңына дейін қалада бірнеше ірі нысан пайдалануға беріледі. Орталық саябақта «Потасов Н.Ю.» ЖК 400 миллион теңгеге ойын-сауық кешені мен жылына 10 мың келушіге арналған қонақүй құрылысын жүргізуде. Ал «Электромарганец» ЖШС 550 миллион теңге инвестиция құйып, 20 орынды қонақүй мен 100 орынды мейрамханасы бар туристік кешен салуда. Сондай-ақ, 100 миллион теңгеге 20 орынға лайықталған «TAL HAUSE» қонақүйі іске қосылады. Жылына 10 мың туристі қабылдауға қауқары жететін «Nomad Village Tekeli» этнотуристік жобасы да Текелінің туристік брендіне айналғалы тұр. Әсіресе, сак дәуірінің рухын жаңғыртатын моншалар кешені мен глэмпинг аймақтары табиғат аясындағы демалысты жаңа деңгейге көтермек. Бұл жобаның барлығы жоғары жайлылық, қауіпсіздік және сервистік мәдениет қағидаттарына негізделген.

Текелі туризмінің басты символдарының бірі – «Бұрқанбұлақ» сарқырамасы. Орталық Азиядағы ең биік сарқырамалардың бірі саналатын бұл табиғи ғажайып мыңдаған туристің армандаған бағытына айналған. Биыл сарқырамаға апаратын шамамен 31 шақырым автожолды



қайта жаңарту жұмыстары аяқталмақ. Жалпы жобаның құны 13,8 миллиард теңгені құрайды. Жаңартылған жолдар мен туристік соқпақтар саяхатшылар үшін қауіпсіз әрі қолжетімді маршрут қалыптастырады. Сонымен қатар, экологиялық және трекинг туризмінің дамуы аясында жаяу бағыттар жаңартылып, арнайы демалыс алаңдары мен бақылау нүктелері орнатылуда.

Текелі тек табиғатымен ғана емес, шипалы ауасымен де ерекшеленеді. Жергілікті шипажайда заманауи ем-дом шаралары ұсынылады. Бұл қалаға келетін туристердің қатарын тек саяхатшылармен емес, денсаулық іздеген демалушылармен де толықтыруда. Мәдени-танымдық туризм де назардан тыс қалған жоқ. Қаланың кіреберісінде өндірістік шаһардың тарихынан хабар беретін шахтер мүсіні қарсы аласа, Буддизм мифтік жануары кескіні бейнеленген тасты да көргісі келетіндер аз емес.

Таулы аймақтағы туризм ең алдымен қауіпсіздікпен өлшенеді. Осыған байланысты төтенше жағдайлар қызметі мен қала әкімдігі бірлесіп, туристік маршруттардағы мониторингті күшейтті. Құтқару бекеттерінің дайындығы тексеріліп, байланыс әлсіз аймақтардағы коммуникациялық жүйелер жаңартылуда. Бұл шаралар туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, халықаралық талаптарға сай тұрақты туристік орта қалыптастыруға мүмкіндік береді. Туризмді жүйелі дамыту арқылы Текелі ішкі нарықтағы сұранысты қанағаттандырып, Қазақстанның халықаралық деңгейдегі экотуристік брендіне айналуда ұмтылуда.

**Салтанат ТОРТАЕВА,
«Текелі қаласының бизнесті қолдау және туризм бөлімі» ММ басшысы**

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Жетісу облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

Меншік иесі:
ШЖҚ «Жетісу Медиа» МКК

Басшы:
Ришад ТҮРҒАНБАЙ
Басшының қабылдау бөлмесі: 40-20-71

Бас редактор:
Жұматай ӘМІРЕ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат Комитетінде 2023 жылғы 13 ақпанда тіркеліп, № KZ44VPY00064518 күшіне берілген.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Мекенжайымыз:
Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28.
Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, жарнама бөлімі — 40-20-69, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09.
Меншікті тілшілер:
Панфилов ауданы — 8-708-442-43-76, Сарқан, Ақсу аудандары — 8 701 779 19 38.
Газет келмеген жағдайда осы нөмірлерге хабарла-сыңыздар — 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09.



Кезекші редактор: Қажет АНДАС

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 4 беттен асқан материал қабылданбайды.

«Жетісу» газеті мен сайтында жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша сенім телефоны: 87773880990

«Jetisy» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі. Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шығады.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс – 543
«Жетісу Медиа» МКК басшыларының жалпы таралымы – 6636, оның ішінде «Jetisy» газетінің осы шығарылымының таралымы – 4663. Индексі – 65469.